

Жарсуат ауылдық округінде қарасан ауруына қарсы карантин қою туралы

Атырау облысы Индер аудандық әкімиятының 2009 жылғы 12 қарашадағы N 268 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаменті Индер ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 11 желтоқсанда N 4-6-91 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 18) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 "Ветеринария туралы" Заңының 10 бабының 2 тармағының 9) тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыстық зертхананың 10 қараша 2009 жылғы № 72 сараптау актісінде көрсетілгендей қарасан ауруының қоздырғышы табылуына байланысты Жарсуат селолық округі таза емес деп жарияланып, карантин қойылсын.

2. Жарсуат ауылдық округінде қарасан ауруының алдын-алу шаралары мақсатында Жарсуат ауылдық округінің әкіміне және аудандық аумақтық инспекциясына (келісім бойынша) төмендегі шараларды іске асыру тапсырылсын:

1) мал қорамдарының санитарлық жағдайын жақсарту және оны қоршау жұмыстарын жүргізу. Қарасаннан өлген мал көмілген жерлердің топырағын **з а л а л с ы з д а н д ы р у ;**

2) балшықтанған жайылымдарды және шөп шабатын жерлерді құрғату;

3) суаттарды қалпына келтіру, мал су ішетін зақымданған, немесе күдікті суаттарды **ж а б у ;**

4) мал союға, еріксізден сойылған мал етін және өнімдерін ветеринариялық маманның рұқсатынсыз сатуға тыйым салу;

5) өлген мал жатқан, ауру мал тұрған жерді, бөлмелерді, ауланы тазалау және **д е з и н ф е к ц и я л а у ;**

6) 3 айдан 4 жас аралығындағы ірі қара малды қарасанға қарсы вакцинамен егу;

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Сәрсенғалиевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *Ж. Рахметқалиев*